

**Қазақстан Республикасының
Конституциясы мен Білім күні сабағы
«САНАЛЫ ҰРПАҚ – ЖАРҚЫН
БОЛАШАҚ»**



ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

2019-2024 жылдарға арналған 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары.

Дамыту

«Қоғамға қызмет» волонтерлық балалар қозғалысы әлеуметтік жобасын дамыту «Мектепке жол», «Қамқорлық», «Мектепке жиналуға көмектес», «Адамдарға қуаныш сыйла» акциялары.

Өткізу

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастару мақсатында: «Жемқорлық қоғам індеті», «Жемқорлықтың тарихи тамыры», «Жемқорлықтың дамуына әсер ететін факторлар мен себептер», «Адам құқығы мен құқық» класс сағаттары мен факультативтік сабақтар.

Ұйымдастыру

Отбасылар және ата-аналармен жұмыс істеудің топтық және жеке түрлері пайдаланылады: тәжірибе алмасу конференциясы, тренингтер, ең табысты ата-аналардың шеберлік сабақтары, пікірталастар, сұрақ-жауап кештері, мұғалімдер, психологтер, мектеп әкімшілігімен кездесу, ата-аналар жиналысы, аналар, әкелер кеңесі сондай-ақ, ата-аналар мен балалардың қатысуымен іс-шаралар ұйымдастыру.

Жанданды ру

2019-2020 оқу жылында орта білім беру ұйымдарында (7-10 сыныптарға), оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға «*Junior Skills*» ерте кәсіптік бағдар беру және мектеп оқушыларына арналған базалық оқыту жобасы жұмысын бастайды.

Жетілдіру

Патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру мен дамытуда әскери-патриоттық клубтар жүйелері, оның ішінде «Жасұлан», «Жас қыран» балалар мен жасөспірімдер қозғалысы, «Туған елге тағзым» өлкетанулық - зерттеу экспедициясы жұмыстары, білім алушылармен Қазақстанның киелі нысандарына саяхаттар мен экскурсия ұйымдастыру

Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысының жүйесі келесі нормативтік-құқықтық құжаттармен реттеледі:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Бала құқықтары туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 15 тамыздағы №485 қаулысымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – ҚРМЖМС-2012);
- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: «Бір мақстан, бір мүдде, бір болашақ»;
- Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған Мемлекеттік бағдарламасы;
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518 – IV Кодексі (2014.17.11. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);
- Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы №483-IV Заңы;
- Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы №577 жарлығымен бекітілген;
- Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығымен бекітілген;
- Қазақстан Республикасының денсалық сақтау саласын дамытуды 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасында СПИД-тің алдын алу және онымен күрес жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 13 ақпан №193;

- «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы №191 Қаулысымен мақұлданған;
- 2019-2020 оқу жылында Қазақстан республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесіне ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат;
- Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы.
- ҚР Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы білім беруді және ғылымды дамытудың 2016- 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген, 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздері.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын, Бала құқықтары туралы конвенцияны, Адамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарының халықарналық декларациясын, Үздіксіз білім беру бойынша ЮНЕСКО ұсынымдарын ескереді.



ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2019-2020 оқу жылында Тәрбиенің тұжырымдамалық негізіндеріндегі *«Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу»* атты тәрбие жұмысының бірінші бағыты жүзеге асыру аясында НЗМ АҚ тәжірибесі бойынша өткізіледі. Бұл білім алушыларды еліміздің әртүрлі өңірлерімен таныстырып, олардың зерттеушілік дағдыларын арттырады, туған жерге деген сүйіспеншілігін қалыптастырады.

Тәрбие жұмысының екінші бағыты *«Рухани-адамгершілік тәрбиені»* жүзеге асырудың негізгі механизмі ретінде ар-намыс пен мінсіз қызмет көрсету туралы бірыңғай сабақ жүргізуді қарастырады. *«Өзін-өзі тану»* рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы шеңберінде Отан мен ерлік; әлеуметтік, қайырымдылық жобаларына қатысу

Тәрбие жұмысының үшінші бағыты *«Ұлттық тәрбие»* оқушыларға қазақ тілін білу, Қазақстан Республикасының мемлекеттік атрибуттары мен мемлекеттік рәміздері туралы жарыстар мен олимпиадалар өткізу, әрбір мектепте музейлер ашу, атақты спортшылар, ғалымдар, көрнекті тұлғалар, *«Қазақстанның 100 жаңа есімі»* жоба жеңімпаздарымен кездесулер, сонымен қатар, өлкенің тарихи-мәдени мұраларына жататын объектілерінде мектеп оқушыларына өлкетану бойынша тақырыптық сабақтар өткізу арқылы жүзеге асырылады.

Тәрбие жұмысының төртінші бағыты «Отбасы тәрбиесі» ата-аналарды ағарту мақсатында, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және мектепте балаларды тәрбиелеу үшін жауапкершілігін арттыруға арналған.

Тәрбие жұмысының бесінші бағыты «Еңбек,, экономикалық және экологиялық тәрбие». Білім алушыларда кәсіби өзін-өзі анықтауға деген саналы көзқарастарын қалыптастырады, адамның экономикалық ойлау мен экологиялық мәдениетін дамытады.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағытында Қазақстан халқы Ассамблеясы мен этномәдени орталықтарымен ынтымақтастық орнату; үйірмелер, әдеби клубтар; экскурсиялар: театрлар, мұражайлар, көркемөнер көрмелері, галереялар, тарихи орындар; іс-шаралар: шығармашылық кештер, балалар мен жасөспірімдер шығармаларының көрмесі, халықтар достығының фестивалі, тілдік және шығармашылық клубтар, конкурстар; атақты адамдармен, өнер қайраткерлерімен кездесулер аталған бағытты жүргізудің негізгі механизмі болып табылады.

«Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты» салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құрады. Жалпы білім беру ұйымдарында бұқаралық спорт түрлерінде (футбол, волейбол, баскетбол, гандбол, футзал, ұлттық спорт түрлері: асық ату, тоғыз құмалақ, қазақ күресі) мектеп спорт лигаларының желісін кеңейту және спорт түрлері бойынша арнайы мамандандырылған сыныптар және спорттық секциялар ашу маңызды.

Зияткерлік және ақпараттық мәдениет тәрбиесі. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістікті қалыптастыру.

2019-2020 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер

- **2019 жыл - «Жастар жылы» болып жарияланды;**
- **қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, ойшыл, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл (1845 -1904);**
- **қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі, жазушы, публицист, драматург Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 130 жыл (1889 - 1931);**
- **Қазақ ССР-нің бірінші академигі Қаныш Сатпаевтың туғанына 120 жыл (1899-1964);**
- **2020 жыл - «Еріктілері жылы» болып аталады;**
- **2020 жыл – Ұлы Жеңіске 75 жыл**

БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА сайтында әдіскерлер мен мұғалімдерге арналған, қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру мәселелері жөніндегі әдістемелік құралдар орналастырылған: «Қауіпсіз білім беру ортасының компоненттерін оқыту және тәрбиелеу процессіне кіріктіру бойынша әдістемелік ұсынымдамалар», «Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және әрекет ету бойынша әдіскерлерге арналған нұсқаулық», қауіпсіз білім беру ортасының келесі компоненттері кіріктірілген бастауыш, негізгі орта буын оқу пәндерінен қысқа мерзімді сабақ жоспарларының үлгілері: «Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу», «Табиғи апаттардың қаупін азайту», «Киберқауіпсіздік», «Балалардың жарақат алуының алдын алу», «Экологиялық қауіпсіздік».

Академия әдістемелік жинақта директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына, сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдері мен әдіскерлерге мынадай материалдарды ұсынады:

- ❖ *«Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдер қозғалысы: тәжірибе, бастамалар, әлеуметтендіру» («Жас Ұлан», «Ұлы Дала скауттары», жас патриоттар Академиясы және т.б.) әдістемелік ұсынымдама.*
- ❖ *«Мектеп оқушысының кітап оқу іс - әрекеті» әдістемелік ұсынымда.*
- ❖ *«Өлкетану»: мәдени-генетикалық кодтың негізі (мәдени мекемелердегі өлкетану сабақтары) (5-7 сыныптар) пәнін жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдама*
- ❖ *«Ұлттық қазына»: мұражайлардағы «жанды» сабақтар әдістемелік ұсынымдамасы*
- ❖ *«Айналаға қара» («Ауыл өмірі», «Қала өмірі»): «Әлеуметтік –тарихи тәжірибе» бағытын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдама*
- ❖ *«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдама*

«Жолда жүру ережесі» бағдарламасы

«Жол жүру ережелері» кіріктірілген оқу бағдарламасы (бұдан әрі – ЖЖЕ) сынып сағаттарының есебінен және сабақтан тыс уақытта жүргізіледі де, тақырыбы мен мерзімі сынып журналының жеке бетіне жазылады.

1-4-сыныптар – әр сыныпта 6 сағаттан;

5-8-сыныптар – әр сыныпта 10 сағаттан өткізіледі.

ЖЖЕ оқу курсы бойынша сыныптың қағаз түріндегі журналының соңғы беттеріне жазылады. Сондай-ақ сыныптың электрондық журналында толтыру үшін қосымша беті бар.

2019-2020 оқу жылында «Өмір қауіпсіздігінің негіздерін» кіріктірілген оқу бағдарламасы (бұдан әрі – ӨҚН) міндетті түрде оқыту қамтамасыз етілуі тиіс, бұл ретте білім алушылардың төтенше жағдайларда (өрт, жер сілкінісі және т. б) практикалық дағдыларының қалыптасуына ерекше назар аударылуы тиіс.

Осыған байланысты «ӨҚН» курсы оқыту:

- 1-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу курсының аясында;**
- 5-9-сыныптарда – «Дене шынықтыру» пәні аясында;**
- 10-сыныптарда «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында жүзеге асырылады.**

Бұл ретте «ӨҚН» курсы бойынша өткізілген тақырыптар, мектеп журналына міндетті түрде жазылуы тиіс.

**«Бір-бірімізге жақын, зиянды
әдеттерден аулақ болайық»
профилактикалық бағдарлама**

Аталған профилактикалық бағдарлама 2016-2017 жылы республиканың жалпы білім беретін мектептерінде апробациядан өткізілді және сараптама нәтижесі бойынша жалпы білім беретін мектептердің оқу-тәрбие процесінде қолдануға ұсынылады.

Профилактикалық бағдарлама ата-аналармен жұмыс істеуге арналған және сынып жетекшісі бір тоқсанда 1 рет өткізетін үш кездесуден тұрады.

Ата-аналарға арналған сабақтар, білім алушылардың үлгерімі немесе басқа да мәселелер қарастырылатын, жоспарланған ата-аналар жиналыстарымен бір уақытта өткізілмеуі тиіс.

Сынып жетекшілеріне көмек ретінде төмендегідей әдістемелік материалдар әзірленді:

– «Ата-аналармен жұмыс жүргізу бағдарламасы»;

– «Ата-аналарға арналған кітапша».

Сынып жетекшілеріне көмек ретінде «Бір-бірімізге жақын тұрып, зиянды әдеттерден аулақ жүрейік» профилактикалық бағдарламасы ҚР БҒМ сайтына орналастырылады.